

Орал қаласы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы мәслихаттың 2008 жылғы 2 шілдедегі № 9-14 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2008 жылғы 15 шілдеде № 7-1-101 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2013 жылғы 21 қазанды № 17-10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 21.10.2013 № 17-10 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Атауга өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2009.03.31 № 15-12 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабы, Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің 56 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 7 баптарын басшылыққа алып, Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2009.03.31 № 15-12 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) **Шешімімен.**

1. Орал қаласы азаматтарының келесі санаттарына ай сайын берілетін әлеуметтік көмек мөлшері белгіленсін:

1) алынып тасталды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2012.04.12 № 4-10 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Шешімімен.**

2) қала қоғамдық көліктерінде жүруіне байланысты берілетін жолақы үшін 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көз жанарынан айырылған 1-ші және 2-ші топтағы загип мүгедек жандарға және қант диабеті ауруына шалдыққандарға;

3) алынып тасталды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2012.12.12 № 9-4 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) **Шешімімен.**

4) әскери міндеттерін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы,

закымдануы, майданда болуына байланысты немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттің өткізу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына 2 000 теңге мөлшерінде;

5) бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттің өткізу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге 2 000 теңге мөлшерінде;

6) Чернобыль АЭС-індегі апаттық, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апартар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балаларына 2 000 теңге мөлшерінде;

7) Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдарына, яки сол кездердегі қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептегендегі қалаларда болған адамдарға 2 000 теңге мөлшерінде;

8) қоршау кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған азаматтарға 2 000 теңге мөлшерінде;

9) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұсташа орындарының жасы кәмілетке толмаған бұрынғы тұтқындарына 2 000 теңге мөлшерінде;

10) басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, атап айтқанда: бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес, басқа мемлекеттік аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, мемлекеттік қауіпсіздік Комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде) 2 000 теңге мөлшерінде;

11) жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуларап жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған жұмысшылар мен қызметшілеріне 2 000 теңге
м ө л ш е р і н д е ;

12) Ұлы Отан соғысында қайтыс болғандардың қайталап некеге отырмаған жесірлеріне 2 000 теңге мөлшерінде;

13) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына 2 000 теңге мөлшерінде;

14) бейбіт уақытта әскери қызметін өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына 2 000 теңге мөлшерінде;

15) алғыншыл тасталды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2012.12.12 № 9-4 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі)
Шешімімен .

16) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне 3 000 теңге
м ө л ш е р і н д е ;

17) алғыншыл тасталды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2012.04.12 № 4-10 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

18) 1986-1987 жылдары Чернобыль атом электростанциясындағы апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға - 2 000 теңге.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2009.03.31 № 15-12 (бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.04.12 № 4-10 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.12 № 9-4 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

2. Азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін біржолғы әлеуметтік көмек Орал қаласы әкімдігінің азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем төлеу жөніндегі комиссияның (одан әрі - комиссия) қорытындысы негізінде

1) шұғыл әлеуметтік қолдау төлемдері (емделу, тұрмыстық қажеттіліктер, отбасы мүшелерінің қайтыс болуы, онкологиялық және туберкулез ауруына шалдыққандардың емделуіне т.б. ауыр жағдайларда) комиссия белгілеген мөлшерде жылына екі реттен артық емес;

2) жеке меншік тұрғын үйлерде тұратын, жан басына шаққанда орташа табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға), жұмыссыз, сондай-ақ айлық табысы жиырма айлық есептік көрсеткіштен артық емес жалғыз тұратын және ерлі зайнұпты зейнеткерлер, мүгедектер үшін қатты отын сатып алуға ең төменгі 12 есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет және тұрғын үйді газдандыру үшін комиссия белгілеген мөлшеріндегі төлемдер;

3) азаматтардың жекелеген санаттарына мереке күндеріне берілетін (9 мамыр, 1 маусым, 1 қазан) комиссия белгілеген мөлшеріндегі төлемдер:

Женіс күніне - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;
Қарттар күніне - көмекке мұқтаж зейнеткерлер, жалғызбасты қартайған азаматтарға;

балаларды қорғау күніне - 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға;
жұз жасқа толған және одан асқан азаматтарға;

3-1) мереке және даталы күндеріне берілетін бір жолғы көмекті төлеу келесі мөлшерде жүзеге асырылады:

бірінші дүниежүзілік, азамат және Ұлы Отан соғыстары кезеңінде майдандағы армия флот құрамына кірген бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет еткен әскери қызметшілер, азамат және Ұлы Отан соғыстарының партизандары мен астыртын құрес жүргізушилерге – 50 000 теңге;

бірінші дүниежүзілік, азамат және Ұлы Отан соғыстарында майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілері, партизандар мен астыртын құрес жүргізушилер, сондай-ақ бірінші дүниежүзілік, азамат және Ұлы Отан соғыстары кезінде майданда, ұрыс қимылдары жүргізілген аудандарда, майдан маңындағы темір жол учаскелерінде, қорғаныс шептерін, әскери-теңіз базалары мен аэродромдар салу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әрі зейнетақымен қамсыздандырылуы жағынан әскери қызметшілерге теңестірілген жұмысшылар мен қызметшілерге – 5 0 0 0 тенге;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде

қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелетін қалаларда болған адамдарға – 10 000 теңге;

қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған азаматтарға – 3 000 теңге;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстau орындарының жасы қәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 3 000 теңге;

бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан-Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегендे); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне; бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жарапанған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған жұмысшылар мен қызметшілерге - 10 000 теңге;

1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апатына тікелей қатысқан адамдарға - 10 000 теңге;

бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жарапануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге - 10 000 теңге;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан

мүгедек болып қалған олардың балаларына - 10 000 тенге;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жарапанудың, контузия алуудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасына - 10 000 тенге;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасына - 10 000 тенге;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасына - 10 000 тенге;

1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда - 3 000 тенге;

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (қүйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғыска қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград түрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың қайталап некеге отырмаған әйелдеріне (қүйеулеріне) - 3 000 тенге;

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің қайталап некеге отырмаған әйелдеріне (қүйеулеріне) - 3 000 тенге;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасына - 5 000 тенге;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға - 3 000 тенге;

бірнеше негіздеме бойынша біржолғы көмекті алуға бірдей құқығы бар тұлғаларға біржолғы көмек олардың таңдауы бойынша бір негіздеме бойынша төлеңеді;

Ескерту. 3-1 тармақшасы жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал

қалалық мәслихаттың 2012.05.28 № 5-5 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2012.12.12 № 9-4 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

4) Ұлы Отан Соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне тіс салдыруына жылyna бір рет 15 000 теңге мөлшеріндегі төлемдер;

5) туберкулезбен ауыратын азаматтарды құжаттандыруға және оларды қосымша тамақтандыруға жылyna бір рет 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі төлемдер

6) 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға облыстан тыс жерлерде операция жасауға және емделуге комиссия белгілеген мөлшерде;

7) 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларды бағып отырған отбасына комиссия белгілеген мөлшерде;

8) интернационалист жауынгерлерді еске алу күні - Ауғанстан соғысына қатысуышылары мен мүгедектеріне төлемдер;

9) Чернобыль атом электрстанциясы апатының құрбандарын еске алу күні – Чернобыль атом электростанциясы апатының зардалтарын жоюға қатысуышы тұлғаларға және қаза тапқан адамдардың отбасына төлемдер.

Ескерту. 2 тармақта өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2009.03.31 № 15-12 (бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.20 № 28-3, 2012.05.28 № 5-5 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.12 № 9-4 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

3. Жекелеген азаматтар санаттарына ай сайын берілетін әлеуметтік көмекті қоспағанда, барлық әлеуметтік көмек түрлерінің ең жоғары көлемі жылyna 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспауы тиіс.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі, шешімнің 1 тармағынан басқа, оның қолданысы 2008 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Орал қалалық мәслихатының әлеуметтік мәселелер мен жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Орал қалалық мәслихатының кезекті
9-шы сессиясының төраймы

Орал қалалық мәслихатының хатшысы